



Бекітемін: *С.Ш.Ш.*  
Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.02 - 07.02.2025ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу (сөйлеуді дамыту) «Күй күмбірі» «Ата толғауы» Күймен балаларды қарсы алу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Баланың күн тәртібі және тәрбиесі"	"Баланың күн тәртібі және тәрбиесі"	"2-3-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?"	"2-3-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?"	"2-3 жасар баланың қызығушылықтары"
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда

<p><b>еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b></p>	<p>аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.</p> <p>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құсты шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарлары адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>- Шай ішуге шақырамын</p>	<p>ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.</p> <p>"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру.</p> <p>Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек.</p> <p>Шарты: жіптерді бірыңғай түстер</p>	<p>қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p> <p>"Дастарқанды жаямыз" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен құралдардан тек түсі бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар: қатпа қағаздан қиылған бокал (кесе), қасық және табақша түрлі-түсті кескіндерінің бір-бірімен араласқан жинақтамалары.</p> <p>Шарты: әрбір бала қолына алған ыдыс-</p>	<p>және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.</p> <p>"Қоян қайда?" дамытушы ойыны. Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне," "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерін айтып атау.</p> <p>- Балалар, бізде қонақта қоян. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне," "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз.</p>	<p>жинастыру іскерліктерін ынталандыру.</p> <p>Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. - Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын алдына ұстап айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Отырып ұстайсың ба? (шоқайып,</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>Қош келдіңдер, қонақтарым!</p> <p>Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын.</p> <p>Мысық, кіс-кіс, Күшік, кә-кә, Тауық, шиип-шиип, Шайым дайын.</p> <p>Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал, шайды кім ішеді? Д. Ахметова (көркем әдебиет)</p>	<p>бойынша төрт себетке топтастыру. (сенсорика)</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильм Суретші <a href="https://youtu.be/Sqao8100Qg8">https://youtu.be/Sqao8100Qg8</a></p>	<p>құралының түсіне сай жинақтамасын құрастырып, алдына табақшаны, ал табақшадан әрі қарай бокалды (кесені), қасықты табақшаның оң жағына орналастыру.</p> <p>Нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс- аяқ құралдарының жинағы болады.</p> <p>Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.</p> <p>Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.</p> <p>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.</p> <p>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала, Әркімге тәтті тамақ:</p>	<p>- Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей.</p> <p>Д. Ахметова Көркем сөзінен кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильм Шахтер <a href="https://youtu.be/ztvrHtQZGvA">https://youtu.be/ztvrHtQZGvA</a></p>	<p>шапалақ қағу) Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу) Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау) Домалайды. (жұдырықтарын алдына қойып айналдыру) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильм Тігінші <a href="https://youtu.be/J15TpI6bpjA">https://youtu.be/J15TpI6bpjA</a></p>
--	--	--	--	--	---

			<p>жаңғақ, қуырдақ, жапырақ. Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильм Жүргізуші <a href="https://youtu.be/Z110sCFssrw">https://youtu.be/Z110sCFssrw</a></p>		
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау; 1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1–2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау; 2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау); 2–2 бастапқы қалыпқа келу;</p> <p>3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (дене тәрбиесі)</p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</b>	<p>Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.</p> <p>Балыққа ұқсап - жүземіз, Марғауға ұқсап жүреміз, Құлыншақтай секіреміз, Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	Дене тәрбиесі "Доғадан еңбектеп өту".	Музыка "Сұр көжек". Мақсат-міндеттер.	Дене тәрбиесі "Біз мықты боламыз".	Дене тәрбиесі "Велосипед". Мақсат-міндеттер.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Бауырсақ".

	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды түсіріп, еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; жалаумен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту.</p>	<p>Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгілінде жануарларға деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту іскерліктерін қорытындылау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өтіп және сол жүріп өткен гимнастикалық орындықтың шетіне келгенде қос аяқпен секіру; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра білу қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру. Балалардың допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білу икемділіктерін дамыту; допты домалату кезінде дәл көздеп, нысанаға лақтыру қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру және қол, саусақ бұлшық еттерін дамыту; оқу қызметінде бір-біріне көмектесе білу қасиеттерін қалыптастыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері Бауырсақ туралы баяндап, олардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау. Балаларға ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің тәсіліне үйрету; мүсіндеу барысында саусақтарды тіке созып отыруды жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және елестету қабілетін дамыту. Балалардың ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру, төзімділікке тәрбиелеу.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық</p>				

	дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Көліктерді бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p><b>Қарды бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету.</p> <p>- Из қалады, қарды басса -</p> <p>Издер жатыр жолақ ұқсап.</p> <p>- Балалар, қардың түсі қандай?</p> <p>- Қарды үстінен жүрсе, не қалады?</p> <p>- Издер жолаққа айналды.</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. <b>(еңбекке дағдылары)</b></p>	<p><b>Желді бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>- Балалар, жел соғып тұр ма?</p> <p>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.</p> <p>- Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш пен бұтақты шайқайды.</p> <p>Ары-бері шайқайды,</p> <p>- Ш-ш-ш - деп дыбыстайды.</p> <p>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?</p> <p>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.</p> <p>- Жарайсыңдар!</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды</p>	<p><b>Күнді бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық.</p> <p>Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.</p>	<p><b>Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян).</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.</p> <p>Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады.</p> <p>- Қоян құлақтарын</p>

	<p>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.</p> <p>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b></p> <p>Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады.</p> <p>- Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша.</p>	<p>жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p><b>"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды.</p> <p>- Балалар, сендер тышқандарсындар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды.</p> <p>- Тышқандай қалай</p>	<p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>- Жүрейік, жүрейік,</p>	<p>қалай қимылдатады?</p> <p>- Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсындар!</p> <p>- Қарандаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.</p> <p>- Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p><b>"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды</b></p>
--	---	---	---	--	---

<p>қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған</p>	<p>Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.  Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай!  Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова <b>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b> Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p>	<p>жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-</p>	<p>Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. <b>"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.</p>	<p><b>ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! <b>"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене</b></p>
---	---	--	---	---

	<p>балаларға қарай жылжиды.  - Автомобиль келе жатыр!  Абайлаңдар!  Ұшыңдар жан-жаққа:  - Ұш, ұш!  Ойын екі рет ойнатылады.  <b>"Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.</p>		<p>біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек.  Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін.  <b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</b>  Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>		<p><b>тәрбиесі)</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.</p>
Серуеннен оралу	<p>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.  Сылдырлайды мөлдір су,  Мөлдір суға қолыңды жу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Таза бетің, маңдайың.  (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ала Марғау". Мақсат-міндеттер.	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Ыдыстар". Мақсат-міндеттер.	Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз". Мақсат-міндеттер.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жіппен ойнаған	"Шұбар тауық" ертегісін үстел театры арқылы сахналау.

<p><b>рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p>Балаларға қағаз бетіндегі мысық сұлбасын бақылата отырып, ұзындығы мысық денесінің жуандығына сай келетін сызықтардың салыну тәсілін үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, мысық денесінің бойын жоғарыдан төмен қарай қысқа сызықтармен толтыруға дағдыландыру; сызықтарды біркелкі қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға жаттықтыру; қылқалам ұшы мен сызықтар бағытына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі жаңа жерге ауыса білу қабілетін қалыптастыру; педагогті үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; мысық туралы</p>	<p>Балаларды әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, көлемі мен пішіні бойынша сәйкестендіруге үйрету; көлемі әртүрлі табакшаларды өзара салыстыруға дағдыландыру; пішіндері мен көлемдері біркелкі заттарды жинау қабілеттерін арттыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдау және ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын және эмоциялық сезімін дамыту.</p> <p><b>Ойын-имитация. "Қайсысы, қалай ішеді?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың жылқының су ішкен кездегі қылықтары</p>	<p>Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз. Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b></p> <p><b>Текшелерден мұнараны құрастыру.</b> Жинайық, жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкенінің үстіне орташасын, Оның үстіне</p>	<p>марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларды мысықтың баласы марғаумен таныстыра отырып, оның дене құрылымы мен қимылын атауға үйрету; мысық пен марғаудың жануарлар әлемі мен адам өмірінде алатын орны туралы қысқаша түсінік беру.</p> <p><b>Ойын-имитация. "Күшіктердің жүрісі".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды күшіктердің қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Күшіктерім жүреді, (тізені жоғары көтеріп, марш басу) Буындарын бүгеді,</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға шұбар тауық туралы ертегінің желісін пысықтау, басты кейіпкерлердің сөздерін айтқызып, ертегінің аяғында пайда болған оқиғаға жағымды көңіл-күймен жауап беруге ынталандыру. Құралдар: "Шұбар тауық" ертегісі желісінде кездесетін кейіпкерлердің тіреушелерде тұрған кескіндері, үстел театры ширмасы. Педагог балаларға басында көркем сөз оқып береді. - Бар менің тауығым, Күнде жем шашамын. Жұмыртқа табуын Асыға тосамын. Б. Қозыкеев</p> <p><b>"Менің үй жануарым"</b> <b>мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>қысқаша түсінік беру.</p> <p>"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай</p>	<p>жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Құралдар: балаларға құлыншақ маскаларын кигізу, ойыншық шелек немесе өзге ыдыс ойыншықтарын ұсыну. "Жылқы қалай ішеді?" - Жан-жағына елеңдеп, Үзіп-үзіп ішеді. Тұнық суға тереңдеп, Жүзіп-жүзіп ішеді. - Себебі не сондағы - Тым талғампаз болғаны. С. Боранбаев</p>	<p>кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. <b>(құрастыру)</b></p>	<p>Бір, екі, бір, екі, Буындарын бүгеді.</p> <p>Күшіктер ытқып шығады, (бір аяқтан екіншіге, оң-солға кезекпен секіру) Ары-бері қозғалады. Бір, екі, бір, екі, Ары-бері қозғалады.</p> <p>Күшіктер табан тірейді, (орнында тұрып, денені төмен түсіріп бұраңдау, көтеріліп бұраңдау) Құйрықпен ойнап, билейді, Сілкіп-сілкіп, Сілкіп-сілкіп, Құйрықпен ойнап, билейді. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	---	--	---	---

	<p>екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.</p> <p>"Менің үй жануарым" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. (музыка, көркем әдебиет)</p>				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды</p>	<p><b>"Акула балақай" атты мультфильмінің үзіндісін көру.</b> Мақсат-міндеттер. Бас кейіпкерлердің атауларын есте сақтауға, әннің</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта шарларды орналастыру. <b>(жапсыру)</b></p>	<p>"Дұрыс орналастыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен</p>	<p><b>"Балық".</b> Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, есу, шымшу амалдарын игерту. <b>(мүсіндеу)</b></p>

	<p>дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)</p> <p>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)</p> <p>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)</p> <p>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)</p> <p>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)</p>	<p>сөздерін қайталауға қызықтыру;</p> <p>жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>		<p>шарларды салу.</p> <p>Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.</p> <p>(сенсорика)</p>	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	"Баланың күн тәртібі және тәрбиесі"	"Баланың күн тәртібі және тәрбиесі"	"2-3-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?"	"2-3-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?"	"2-3 жасар баланың қызығушылықтары"